

АГА-ХАН ИСМАИЛИТТЕРІНІҢ ДІНИ СЕНІМДЕРІ

Шииттер ислам ағымдар тарихында дүниетанымдық ерекшелігі мен өзіне тән сенімдері тұрғысынан маңызды орынға ие. Қалыптасқан уақытынан бастап әртүрлі себептерге байланысты өз ішінде бірнеше тармақтарға бөлініп кеткен шииттердің Имамия тармағынан кейінгі ең үлкен тармағы Исмаилиттер сектасы болып табылады. Ислам тарихында өзіндік орны бар Фатимиттер халифатының ресми идеологиясы саналған Исмаилиттік Фатимиттер кезеңінде имамат, яғни рухани билік мәселесінде пайда болған келіспеушіліктің салдарынан низариттер және Мусталииттер болып екіге жарылады. Осылардың ішінде низариттер тармағы Аламут Исмаилит мемлекетінің ресми идеологиясы қызметін атқарғанымен моңғолдардың Аламут мемлекетін құлатуынан соң ұзақ уақыт бойы тарихтағы ықпалдарынан айырылып қалды. Алайда 19 ғасырдың бастарында низариттер Иранда Ага-Хан исмаилиттері деген атаумен қайта тарих сахнасына шықты.

Ага-Хан исмаилиттері шииттік исламның бір тармағы ретінде пайда болғанымен тарихи даму барысында қызмет ету ерекшеліктері өзгерістерге ұшыраған, халықаралық ұйымдар тарапынан кең қолдауға ие бағыттардың бірі. Бұл ағым өкілдері әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде артта қалған, таулы аймақтарда өмір сүретін халықтарға оқу-ағарту саласында және т.б. салаларда қайырымдылық іс-шаралар жасап әлемдік қауымдастық назарын өздеріне аудартып келеді. Бұл ағым өкілдері біздің елімізде де Текелі елді мекенінде оқу орнын ашу туралы бастама көтеріп, көпшіліктің наразылығына ұшыраған жайттарға куә болдық.

Орталығы Францияда орналасқан Ага-Хан исмаилиттері әр түрлі діни және қоғамдық қызметтермен айналысатын үлкен ұйым. Бұл ұйымды Ага-Хан деп аталатын имам басқарады. Қазіргі таңда ІҮ. Ага-Хан Кәрім Шах Хусейн басшылық етеді. Ага-Хан исмаилиттері діни бір ұйым болумен қатар соңғы уақытта әлеуметтік, саяси, экономикалық бағыттарда да жұмыстар жүргізіп келеді. Дүние жүзінің шамамен 25 мемлекетінде өмір сүретін 30 миллион шамасындағы Ага-Хан исмаилиттері бір орталықтан басқарылады және басқару жүйесі өздерінің арнайы жарғыларымен бекітілген. Мұны өздері «низамнама» (Заңнама) деп атайды. 1986 жылы низамнамада исмаилит мұ-

сылмандардың туы, әнұраны және имамның мөрі жайында арнайы заң бекітілді. Ол бойынша ешкім туды, мөрді және әнұранды коммерциялық мақсатта жарнамалауға, таныстыруға, әртүрлі жобаларда және осыған ұқсас шараларда қолдануына болмайды [1]. Тек қана имамның рұқсатымен қолдана алады. Ту барлық жамағатханада болады. Заңнамаға сәйкес ұйымды Имамнан кейін алдыңғы қатарлы, таңдаулы мүшелерден құралған Ұлтаралық Көсемдер Кеңесі басқарады. Бұл кеңес имамдық мәселесін және ұйым ішіндегі келелі мәселелерді қарастыру, шешу, талқылау мақсатында жиі жиналып отырады. Ұйымның ішіндегі барлық мүшелер және мүшелердің атқаратын жұмыстары, мақсаттары, ізбасарларының діни және әлеуметтік, саяси мәселелері осы кеңесте талқыланады. Кеңесте алынған шешімдер имамның алдына ұсынылады және оның қолдауымен бекітіледі. Имамнан кейінгі ең үлкен құзыретті ұйым Ұлтаралық Көсемдер Кеңесі Имамдық Ұйымының басқару мүшесі болып табылады [2].

1986 жылғы ережесінде Ага-Хан исмаилиттері өздерін бір ағым емес «Исмаилит тариқаты» деп атады. Яғни өздерін сопылық бағыттағы тариқат ретінде ұсынды. Тариқат мүшелеріне мурид деп айтылады. Осылайша ұйымның діни істерімен ендігі жерде Тариқат және Діни тәрбие кеңесі жауапты болды. Діни Тәрбие ұйымының басқармасы, құрметті хатшы және басқа қызметкерлер үш жылдық мерзімге имам тарапынан тағайындалады. Қазіргі таңда тариқат және діни тәрбие кеңесінің өз сенімдерін насихаттау секілді әрекеттері байқалмайды. Аталған кеңес алдымен ұйым ішіндегі істердері үйлестірумен шұғылданады.

Әр ағымда болғандай Ага-Хан исмаилиттерінің де өздеріне тән белгілі бір ұстанымдары бар. Алайда алғашқы пайда болған кезінен қазіргі уақытқа дейін бірталай өзгерістерге ұшыраған. Қазіргі таңда да өмір сүріп отырған аймақтарына байланысты да айырмашылықтары бар. Шииттік сенімдегі тақийя принципі, яғни сенімді жасырып жабу ұстанымына сәйкес өзге дін өкілдерінен ерекшеленбеу мақсатында құлшылық амалдарын соларға жақындатқан. Мысалы Үндістандағы хожалардың діни сенімдерінде үнді дінінен әсер алғаны анық байқалады. Осылайша түрлі жағрафияда өмір сүрген Ага-Хан исмаилиттері өздерінің өмір сүрген жерлеріне байланысты өздеріне тән діни сенімдерін, құлшылық жүйесін орнықтыра бастаған.

Ага-Хан исмаилиттерінің ілімдік ерекшеліктері туралы нақты деректер кейіннен жазылған

зерттеулерде кездеседі. Бұлар өз кезегінде көне дереккөздердегі мәліметтерге қарама-қайшы келіп жатады. Ага-Хан исмаилиттерінің көбінесе «тақийяға» бүркенуі жергілікті халықтан өздерін тасалаудың бір амал шарғысына айналған. III. Ага-Хан 1910 жылдары артынан ерген жамағат өмір сүретін өлкелерге әр түрлі үкімдер жіберіп, діни мәселелерде өзгерістер енгізіп отырды. Мысал келтірер болсақ, орнына келген имам тірі болғандықтан өлген имамның артынан қайғырып аза тұтуға тиым салды. Осылайша мұхаррам айындағы Хз. Хүсейінге аза тұтуды түбегейлі жойды [3]. 1951 жылы Ирандағы ізбасарларымен кездесуге барғанда сондағы әйелдердің мұсылмандық киімдері болып саналатын пәренжілерін тастағанын көріп қатты қуанғанын баяндады [4]. Соңынан ергендерден жалғыз қалауы өзінің рұқсат еткендерін немесе әмір еткендерін ғана орындауы еді. Айтып өткеніміздей қанша өзгеріске ұшыраса да өздерінің болмысын сақтап қалған. Діни сенімдері қатып қалмаған яғни заман талабына сай өзгере алады [3, 241 б.]. Бұл жағдай Ага-Хан исмаилиттерінің көзқарастарының әрқилы болып келетінін байқатады.

Жалпы Ага-Хан исмаилиттерінің діни сенімдеріндегі басты негіздерді пайғамбарлық, имамдық, құран, панжтаны-пак, гинандар, діннің жеті негізі деп жүйелеуге болады.

Пайғамбарлық туралы ұстанымдары. Пайғамбарлыққа сену Ага-Хан исмаилиттерінің иман негіздерінің бірі. Ага-Хан исмаилиттерінің классикалық әдебиеттеріне қарағанда пайғамбар Алла Тағаланың хабарын адамдарға жеткізумен міндеттелген адам. Алайда олар Алланың аянын (уахиді) өз дәуіріндегі адамдарға ғана жеткізуге міндетті және сол дәуірдегі адамдарға ғана тән. Сондықтанда ашық немесе жасырын баяндалған мәселелердің бәрін жеткізуге міндетті емес. Яғни пайғамбарлар келген уахидің тек захири, сыртқы көріністегі қырын уағыздаумен ғана міндетті [5].

Алайда жоғарыда айтып өткеніміздей жағдайларға байланысты өзгеріп отырған. Мысалы Хожалардың (исмаилиттікті қабылдаған үнділерге берілген атау) түсінігінше Хз. Али үнді сенімі бойынша тәңір Вишнудің оныншы реинкарнациясы (бірлесуі). Хз. Мұхаммад болса оның пайғамбары [6]. Жалпылама хожалар жамағаты Хз. Мұса, Хз. Дәуід, Хз. Иса және Хз. Мұхаммедті (с. а. у.) пайғамбар ретінде қабылдаған. Бұлардан басқа пайғамбарларға да иман келтірген. Ага-Хан исмаилиттері қазіргі кезде пайғамбарлық сеніміне қатысты ислам канондарына қайшы және ақылға қонымсыз ұстанымдарынан бас тартып

исламның қағидаларына сәйкес ұстанымдарға бет бұрып, өз ілімдерін күшейте түсуде.

Имамдық мәселесі. Ага-Хан исмаилиттерінде имамдық ең маңызды сенім негізіне жатады. Әр бір адам Алланың пайғамбарын тануы және оған бағынуы қандай парыз болса, пайғамбардан кейін келген имамды да тануы және оған бас июі сондай парыз. Имамның қасиетті мәтіндермен бекітіліп, тағайындалғаны жөнінде барлық шииттік ағымдардың ұстанымы ортақ. Али ибн Әбу Талибтің пайғамбардың тағайындауымен үмметтің имамы болып бекітілгендігіне деген сенім исмаилиттердің имамдық туралы көзқарастарының негізін құрайды. Исмаилиттердің пікірінше Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) ең соңғы пайғамбар және Аллаһтың дінін әкелген әрі оны адамдарға таратқан. Дәл сол секілді пайғамбардың немере інісі Али ибн Абу Талиб және оның ұрпағынан келген имамдар да осы құдайлық үкімдердің астарлы мағыналарын білетін, заманның рухына сәйкес сол ақиқаттарды адамдарға жеткізіп отырады. Олардың ойынша Хазіреті Али және оның ұрпақтарынан келген имамдардың имамдығы жайында Құранда көптеген аяттар және хадистер бар.

Имамдықтың қияметке дейін Хз. Али және Хз. Фатиманың тегінен шыққан Исмаил ибн Жағфардан және оның тегінен жалғасатындығын айтқан исмаилиттер имамның қасиеттеріне өз ілімдерінде кеңінен баяндаған.

Ага-Хан исмаилиттерінің имамдық туралы ұстанымдары шамалы ерекшеленеді. Өзге исмаилиттік тармақтармен мына мәселелерде ортақ ұстанымда:

- Имамдық тек Жағфар ибн Исмаилдің және оның ұрпағына тиесілі. Ол орынға басқа ешкім ие бола алмайды.

- Имам, жер бетіндегі Алланың халифасы. Ол халифа Алланың нұрына бөленген жан. Сол себепті Алланың сол имамның бейнесінде бейнеленгендігіне сену діннің негізі болып саналады.

- Имам, пайғамбардың рухани күш жігерінің мұрагері.

- Имамның әр бір сөзі, бұйрықтары тәңірлік әмір есебінде жүреді.

- Имамдардың жасағандарының барлығы дұрыс. Олар қателеспейді, күнә істемейді.

- Дінге арқа сүйеу, имамға тәуелді болу қажеттілік.

Қысқасы имам муминдерді тура мәліметтерге, Аллаһтың бірлігіне, ақиқатқа жетелейтін кісі. Бұл мәлімет жолымен кісі кемелдікке жете алады. Осыған байланысты имамның артынан еру керек, ол өзгелерге үлгі болатын адам.

Ага-Хан исмаилиттерінде басқа шииттік ағымдарда орын алған ғайып имамға деген сенім жоқ. Олардың түсінігі бойынша имам әр ғасырда және әр дәуірде бар болады, олардың ғайып болуы ақылға сыймайды [7].

Құран. Алғашқы кезеңдерде және кейбір өзгерістермен кейінгі кезеңдерде негізі қалыптасқан исмаилиттік ілімнің ең маңызды ұстанымы заһири (сыртқы) және батыни (ішкі, астарлы) жіктемесі болып табылады. Алғашқы исмаилиттер қасиетті кітаптардың және шариғи үкімдердің заһири-батыни мағыналарының болатындығын алға тартты. Нәтижеде исмаилиттік сенім бойынша Құран және Ислам шариғатының заһири мағынасы мен батыни мағынасы бір-бірінен бөлек болып шықты. Жаңа шариғат әкелген әр пайғамбармен бірге жіберілген діннің заһири тарапы өзгергенімен шексіз мәңгілік ақиқаттарды қамтыған діннің батыни жағы өзгермейді. Діннің осы батыни, астарлы, ішкі мәнін тек исмаилиттік жолдағылар ғана түсініп, біле алатындығын алға тартты. Ал исмаилит еместер діннің тек сыртқы мағынасымен амал етіп, соны ғана түсінеді. Исмаилиттер діннің батыни және жасырын ақиқаттарына ерекше бір маңыздылықпен қарауларына байланысты батынилер немесе батыния деп те аталды [8]. Исмаилиттер батыни мағынаны шығару мақсатында жорамал жасауды өте шектен тыс қолданған. Діни уахиді (аянды) заһир және батын деп екіге бөлумен қатар исмаилиттер бұл екі бөліністі бір-бірін тек қана толықтырушы емес дәл сонымен бірге рух пен дене секілді бір-бірлерімен өте тығыз байланыста, әрі бірі болмаса екіншісі де болмайтындығын алға тартады. Осыған байланысты имамдар шынайы мәліметтің жетекшілері болып табылады. Адам өз бетінше илаһи үкімдерді қарағанымен рухани тұрғыда жетілмейді. Алғашқы исмаилиттердің имамдықпен байланысты көзқарастары негізінде имаamia шииттерінің көзқарастарынан алынған.

Сунниттік ғалымдар мен Имамия шииттерінің Құран және оның түсіндірмесіне байланысты көптеген жұмыстар жасағаны мәлім бола тұра Ага-Хан исмаилиттері бұл жөнінде еш пікір білдірмейді. Ага-Хан исмаилиттерінің арасында жалпы Құран оқу үрдісі жоқ немесе кең тарамаған болып тұр [7, 75 б.].

Панжтани-Пак. Қасиетті бес адам деген мағынаға келетін Панжтани-Пак сеніміне келетін болсақ, бұл суннит және шииттердегі сияқты әһли-байтқа деген сүйіспеншілікке ұқсас. Осыған байланысты бес қасиетті адам бар, оларды рет-ретімен айтар болсақ Хз. Пайғамбар, Хз. Али,

Хз. Фатима, Хз. Хасан және Хусейін болып саналады.

Аға-Хан исмаилиттері бұл бес адамды сүйеді және оларға құрмет көрсетеді. Панжтани-Пак сенімін құран аяттарымен қуаттайды. «Жоқ олай емес. Негізінен ізгілердің дәптері әрине жоғарғы орында болады (мутаффифун 83/18)» аятындағы ізгілер деп отырғанымыз аты аталған бес қасиетті адамдарды мензеп тұрғанын айтады [9].

Риуаяттарына қарағанда Алла Тағаланың Хз. Адам пайғамбарға берілген нұры одан кейін рет-ретімен барлық пайғамбарларға өткен және ең соңында қасиетті бес адаммен жалғасқан. Оларға сену және құрмет көрсету Аға-Хан исмаилиттері үшін маңызды рөл атқарады.

Діни әдебиеттері: Гинандар. Санскритше сөздік мағынасы шексіз бір түсінік немесе ойдан шығарылған білім мағынасына келетін және поэзия түрінде жазылған гинандар [7, 75 б.]. Үндістандағы исмаилиттер арасында кең тараған. Үндістан исмаилиттері өз сенімдерінің теологиялық құрылымына байланысты зерттеу жұмыстарын жасамаған, сонымен қатар арапша немесе парсыша жазбаларын да өз тілдеріне аудармаған.

Гинандарға Үндістан жағрафиясында исмаилиттік ілімді тарату жұмыстарымен айналысқан пірадар немесе жанкештілер назар аударған. Гужарат, Синди, Үнді, Пенжаб, Мултани т.б. түрлі үнді диалектілерінде жазылған гинандар, жалпылама әдеп, діни-мистиканы, поэзия және пірадарлардың аңыздарын қамтыған. Гинандарда тарихи шындықтар аңызға айналдырылған. Мысалы, Али ибн Әбу Талибтің бір Үнді тәңірі Вишнудың оныншы реинкарнациясы және Хз. Мұхаммедтің оның пайғамбары екендігі [10] немесе Хз. Мұхаммедтің Үндістанға бір пірадар ретінде келгендігі ойдан шығарылған мағлұмат.

Алғашқыда Үнді төменгі континентінде өмір сүрген исмаилит хожалар немесе олардың пірадарлары тарапынан жайылған гинандар ағым арасында үлкен беделге ие бола бастады. Ислами және Үнді дін мүшелерін бір жерге топтастыра алған гинандар жамағатханаларда әуендетіп оқылды.

Алғашқыда ауыз әдебиеті болып келген гинандар кейін уақыт өте келе жазба әдебиетке көшіріле бастады. Аға-Хандар гинандарды жойылып кетуден сақтау мақсатында жазбашаға ауысуына мән бере бастады. Сондай-ақ көптеген гинандар үнді диалектілерінен аударылып жарияланды. Аға-Хан исмаилиттері Гинандарды исмаилит пірадарлары тарапынан жазылған діни әдебиет ретінде бағалаған. Алайда жоғары-

да айтып өткеніміздей кейбір гинандар пірадарлардың балалары тарапынан жазылған. Кейде кейбір поэзиялардың да гинан болып кеткендігін байқауға болады [11]. Қысқасы гинандар дегеніміз аңызға сүйенген баяндаулар немесе ойдан шығарылған пікірлер, яғни исмаилиттердің тарихы немесе діни сеніміне қатысы жоқ, шындыққа жанаспайтын шығармалар.

Діннің жеті негізі. Алғашқы дәуірлердегі исмаилиттердің сенімдеріне сүйене отырып шығарылған сандардың қасиеттілігіне деген сенім. Сол кездегі жеті санының қасиеттілігі қазіргі кездегі Аға-Хан исмаилиттерінің құлшылыққа байланысты доктриналарында әлі де кездеседі. Яғни, Ислам олардың түсінігі бойынша жеті негізден құралған.

Иман. Иман – Алладан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммедтің оның құлы, елшісі және пайғамбарлардың соңғысы екендігіне куәлік ету; жәннат және тозаққа, өлгеннен кейін қайта тірілуге, Құранның Алла тарапынан адамдарға жіберілген соңғы кітап екендігіне, нәбилерге, пайғамбарларға және имамдарға сену, сол заманның имамын біліп тану, оның әмірлерін орындау. Осыған орай иман, имамға сену арқылы болмақ, яғни Хз. Мұхаммедтің тегінен жалғасқан имамға құрмет көрсету, оны сүю және оған тәуелді болу арқылы іске аспақ. III. Аға-Хан бір бұйрығында Ислам діні шииттік имам және иман негізінде құрылғандығын айтқан. Сондықтан да имам, иманның негізі, мүмин болса иманы бар адам деген сөз. Иманы жоқ адам немесе имамды танымайтын адам үмітсіз пенде. Иман құлшылықпен қол жеткізетін нәрсе, ал оған қол жеткізу үшін имамды тануы керек болады. Иманды болудың басқа жолы жоқ.

Тазалық. Аға Хан Исмаилиттері үшін тазалық бұл рухани кірден арылып ол күнәларды қайта жасамау, әдет және салттан өту, захиримен амал еткендерден өздерін қорғау. Аға-Хан Исмаилиттері намаздан бұрын дәрет алмайды. Өйткені дәрет ол сыртқы тазалық қана болады. Маңыздысы рухани немесе батыни тазалық болып есептеледі.

Намаз. Алғашқы кездерде Үндістан сыртындағы Аға-Хан шииттері намаздарын сунниттер немесе шииттер сияқты оқып жүрді. Алайда Үндістандағы хожалардың салт-дәстүрлері, тілдеріне діни дәстүрлеріне байланысты өзгешелеу намаз тәсілдері де кездесті. Ауғаныстанның кейбір өлкелерінде болса, Аламут дәуірінен қалған шииттердің ұнатқан арап-парсы тілдерінде оқылатын намаз тәсілі де кездесті. Бұлай намаз оқу тәсілі және дұғалары III. Аға Хан Сұлтан Мұхам-

медтің тарапынан 1898 жылы алты бөлім және күнде үш уақыт есебінде бекітіліп Ауғаныстандағы соңынан ерген жамағаттарына жеткізілді. Имам 1898 жылы Африкаға жасаған сапарында да сол жердегі жамағаттарына солай намаз оқуын талап етті. Хожалардың намаз оқуының басқалардың намаз оқуынан жалғыз айырмашылығы үнді тілінде болғандығы ғана деп білдірген. 1950 жылы Сұлтан Мұхаммад Шах профессор Жавад Мустажиға намазды арап тілінде жазуын әмір етті. Дайындалған намаз дұғалары мен орындалу тәсілі 1954 жылы имамның қолдауымен басқа шииттерге табысталды. Жаңа өңдеуден шыққан намаз оқу тәртібі 1956 жылы Мадакаскарда Кәрім Шахтың оқуымен басталды. 1960 жылдан бастап арап тіліндегі намаз оқу іске асты. Жаңадан шыққан намаз тәсілінде құран аяттарынан дұғалар алынған болатын. Яғни, ниса сүресінің 59. Аятының басы және соңы, Ясин сүресінің 12 аятынан құралған. Құрандағы бұл аяттар түбегейлі мағыналары өзгеше болғандықтан имамдық мәселесінде де өзгешеліктер әкелді. Сондықтан да мағына былайша өзгерген болатын: «Уа иман еткендер! Аллаға итағат етіңіз. Пайғамбарға және өздеріңнен шыққан басшыларға да итағат етіңіз. Және біз дайын имамға толық хақ бердік». Бұл жердегі дайын имам деп жатқаны Ага-Хан болатын. Яғни ол барлығын білетінін және барлық нәрселерге құзыреті бар екенін құран аяттарымен негіздеуде. Осылайша олар намаз дұғаларын өздерінше дамытқан болды. Ага-Хан шииттері барлығының намазы бірдей болсын деп қанша тырысса да, әр түрлі өлкелерде өмір сүріп жатқан ағымдар арасында өзгешеліктер қазірге дейін жалғасын тауып жүр. Ага-Хан шииттері суннит және шииттерден ерекшеленіп намаз сөзінің орнына дұға сөзін қолданған. Жоғарыда да айтып өткеніміздей олар жамағатханаларында күніне үш уақыт қана намаз оқиды. Субһожи дұға, яғни таң намазы таңдағы сағат 4 пен 5 арасында; Санжижи дұға, яғни ақшам намазы күннің батқанынан кейін; Сомнажи дұға, түнгі 8 бен 9 арасында оқылатын болған. Намаздары құран аяттарымен қоса имамдардың тізімінен және сол кезеңдегі имамдарының сөздерінен құралатын. Сондықтан да имамның белгілеген уақыттарында шииттердің жамағат халінде намаз оқулары тиіс болатын. Тек бір мәселелері шығып қалған жағдайда ғана басқа жерлерде намаз оқи алады. Намазда азан шақырылмайды. Өйткені шынайы бір мұсылман намаз уақыттарын ұмытпауы керек. Алла барлық жерде болғандығы үшін намазды Меккеге қарамай да оқуға болады. Алайда имамның қара-

ған бағытына қарап оқулары тиіс болды. Намаздарында Ага-Ханнан құлшылықтарының қабыл болуын сұрап дұға жасайды.

Зекет. Дассондһ деп аталатын зекет Ага-Хан шииттерінде маңызды құлшылық болып табылады. Сунниттерде зекет белгілі бір мөлшерге жеткен малдың қырықтан бірін кедейлерге беру керек болса, Ага Хан шииттерінде жылдық табыстарының оннан бір бөлігін имамдарға беруге тиіс. Зекетін имамға берген адам бұл дүниеде бақытқа ол дүниеде азаптан құтылады деп біледі. Имамға берілуі тиіс салықтардың көптігі халық наразылықтарын туғызған. Алайда зекет мөлшері имамның айтуымен азайтыла алады. Мысалы 1930 жылдарда Ирандық ізбасарларынан жиналған салықтардың жиырма пайызы алынып қалғанын білім алу мекемелеріне жұмсалған. Міндетті түрде берілуі керек болған жағдайдағы зекеттің мөлшерінің көптігі имам жайында түрлі пікірлердің шығуына себеп болған. Қазіргі таңда IV. Ага Хан Кәрім Шах дүниедегі ең бай адамдардың бірі.

Ораза. Ораза имамның істегендеріне үндемеу оны құптау, сырларын ашпау. Хожалар жамағаты ғана әр жылы рамазан айының 27-де ораза ұстайды. Рамазанның 27-түні басталған оразалары ертеңіне бесін уақытында бітеді. Сондай-ақ олардың кейбіреулері тарапынан рамазан айының 19 және 23-күндері құранның түсірілген қадір түнінің құрметіне күнеларынан арыламыз деп атап өтіледі. Сұлтан Мұхаммад Шах шынайы мұсылман тек рамазанда ғана ораза ұстап қоймай жыл бойы ұстауы керектігін және жыл бойы ешкімді ренжітпей күнәлі істер жасамай жүрсе ғана бұл шынайы ораза болады деп бұйрық шығарған. Алайда денсаулығы жарамай сыр берер болса, Ислам жүйесіне сай жылына тек бір ай ғана ораза ұстауына болатындығын және осылайша нәпсісін тәрбиелейтінін білдірген.

Қажылық. Ага-Хан шииттерінде қажылық имамды зиярат етуден тұрады. Ага-Хан шииттерінің хожалар тобы Меккеге де Мадинаға да еш бармайды. Олар қасиетті топырақ деп Хз. Хусейннің өлтірілген жері Кербала мен Нежефті зиярат етеді. Ал кейбіреулерінің Қағбаны зиярат етулері Хз. Алидің сонда туылғандығынан болып тұр. Исмаилиттердің гинандарына қарағанда Хз. Алидің анасы Қағбада құлшылық істеп жүріп толғағы келген екен. Сондай-ақ жақын арада үй болмай Қағба ішіне кірейін десе кіре алмай тұрғанда кенет дуалынан терезе ашылып сол жерден кірген. Оны іште екі жәннат қызметшілері босандырып алған деседі. Сондықтан да олар Қағбаны зиярат етеді.

Жиһад. Аға-Хан шииттері үшін жиһад дегеніміз адамның өз нәпсісімен күресуі және имамның айтқандарын орындауы болып табылады. Жиһадты осылай пайымдау мұсылмандардың Аллаға жақындауларына себеп болатын бір құлшылық. Олардың түсінігінде қару-жарақпен шайқасудың заманы өткен. Әркім өз нәпсісімен қалағанынша күресуі керек. Аламут дәуірінде террорист болып

аты шыққан исмаилит шииттері қазіргі таңда жақсылықты үгіттейтін, қайырымдылық қорларын құратын бір жамағатқа айналғаны байқалады.

Қорыта келгенде Аға-Хан исмаилиттері өмір сүрген орталарына байланысты өзгеріп отырған. Олар өздерін тақийямен жасырғандықтан жергілікті халықтан айнымай қалған Сондықтан оларды сырт көзбен ажырату мүмкін емес.

Әдебиеттер

- 1 The Constitution of the Shia İmami İsmailî Muslims, (1986), Article Sixteen, Personal Standart and Crest of Mawlana Hazar Imam, The Ismaili Flag and The Nashid Al-Imamah, <http://İsmailî.net/Source/extra1.html>.
- 2 The Constitution of the Shia İmami Muslims, (1986), Article Four, leaders" international forum.
- 3 Sultan Muhammed Şah, Ekselansları Ağa Han, İmam, Politikaçı, Filozof, Dost, çev: Zeynep Özbek, Kanüs Yay.. – İstanbul, 2005 – S. 409.
- 4 Daftary, Farhad, Muhelif İslam"ın 1400 Yılı, İsmailîler, Tarih ve Kuram, çev: Ercüment Özkaya, Baskı I, Ankara, 2001 – S. 540.
- 5 Eboo Jamal, Nadia, Surviving the Mongols, Nizarî Quhistani and the Cantinuity of Ismaili Tradition in Persia, I.B. Tauris Ltd. – London, 2002 – p. 37.
- 6 Makarem, Sami Nasib, The Doctrine of the İsmailîs, Arab Institute for Research and Publishing. – Beyrut, 1972. – p. 41.
- 7 Öz, Mustafa, Nizari İsmailîliğinde Ağa Hanlar Dönemi, basılmamış doktora tezi, Marmara Ünüversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. – İstanbul, 1986. – s.618.
- 8 Kutlu, Sönmez, «Zedilik, İsmailîyye, İmamiyye», İslam Düşünce Ekölleri Tarihi, II. baskı, Ankara Ünüversitesi Basımevi. – Ankara, 2007 – S. 111-112.
- 9 Encyclopaedia of Ismailism, <http://www.nizariİsmailî.com>.
- 10 Davis, Jimmy R., The Shia Imami Muslims: A Short Introduction, Lulu Publ., Second Edition. – U.S.A, 2007 – p. 37.
- 11 Ходжсон Густав Эдмонд фон Грюнебаум, Классический Ислам: пер. – М.: издательство Наука, 1986. – С. 40.

References

- 1 The Constitution of the Shia İmami İsmailî Muslims, (1986), Article Sixteen, Personal Standart and Crest of Mawlana Hazar Imam, The Ismaili Flag and The Nashid Al-Imamah, <http://İsmailî.net/Source/extra1.html>.
- 2 The Constitution of the Shia İmami Muslims, (1986), Article Four, leaders" international forum.
- 3 Sultan Muhammed Şah, Ekselansları Ağa Han, İmam, Politikaçı, Filozof, Dost, çev: Zeynep Özbek, Kanüs Yay.. – İstanbul, 2005 – S. 409.
- 4 Daftary, Farhad, Muhelif İslam"ın 1400 Yılı, İsmailîler, Tarih ve Kuram, çev: Ercüment Özkaya, Baskı I, Ankara, 2001 – S. 540.
- 5 Eboo Jamal, Nadia, Surviving the Mongols, Nizarî Quhistani and the Cantinuity of Ismaili Tradition in Persia, I.B. Tauris Ltd. – London, 2002 – r. 37.
- 6 Makarem, Sami Nasib, The Doctrine of the İsmailîs, Arab Institute for Research and Publishing. – Beyrut, 1972. – p. 41.
- 7 Öz, Mustafa, Nizari İsmailîliğinde Ağa Hanlar Dönemi, basılmamış doktora tezi, Marmara Ünüversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. – İstanbul, 1986. – s.618.
- 8 Kutlu, Sönmez, «Zedilik, İsmailîyye, İmamiyye», İslam Düşünce Ekölleri Tarihi, II. baskı, Ankara Ünüversitesi Basımevi. – Ankara, 2007 – S. 111-112.
- 9 Encyclopaedia of Ismailism, <http://www.nizariİsmailî.com>.
- 10 Davis, Jimmy R., The Shia Imami Muslims: A Short Introduction, Lulu Publ., Second Edition. – U.S.A, 2007 – p. 37.
- 11 Hodzhson Gustav Jedmond fon Grjunebaum, Klassicheskij İslam: per. – М.: izdatel'stvo Nauka, 1986. – S. 40.